

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ

УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.
АСФЕНДИЯРОВА

Тақырыбы:

**Эпидемиологиялық зерттеудің дизайн
және ұйымдастыру. Эпидемиологиялық
зерттеу этаптары.**

Факультет: ҚДС

Тобы: 13-002

Эпидемиологиялық зерттеу этаптары

1.Дайындық

*2.Ақпарат жинау, статистикалық
өңдеу*

3.Қорытынды

- Жұқпалы аурулардың пайда болу жағдайы мен себебін анықтау
- қауіп-қатердің алдыңғы себебін анықтау,
- эпидемиологиялық диагноз қою
- аурудың этиологиясын дәлелдеу
- эпидемиялық процеске қатысатын буынаяқтылар түрі
- аумақта жұқпалы аурудың пайда болу мүмкіндігін және эпидемиялық жағдайды асқындырмау шараларын анықтау

- Қауіп-қатер факторларын болжап бағалу
- Қорытынды жасау және
эпидемиологиялық диагноз қою

Эпидемиологиялық зерттеулердің міндеті

Әр түрлі аурулардың жиілігін зерделеу. Сырқаттанушылықтың жиілік көрсеткішін (интенсивті көрсеткіштері) әр түрлі жолдармен есептеп анықтайды, олар белгілі бір тұрғындар топтары арасында жаңа аурулардың жалпы санын сипаттауы мүмкін. Таралу көрсеткіштері белгілі бір уақыт аралығында, нақты берілген аурулармен тұрғындардың қандай бөлігі зардап шегетіндігін көрсетеді. Ал сырқаттанушылық көрсеткіштері, керісінше, белгілі бір уақыт арасында аурудың жаңа жағдайларының пайда болу жиілігін сипаттайды.

- ❖ Аурудың нақты нозологиялық түрінің сырқаттанушылық құрылымы аурудың өту ауырлығы бойынша, ауырғандардың жастық құрылымы, кәсіптік етекшелігі, инфекция көзі және т.б. көрсеткіштері бойынша берілуі мүмкін. Экстенсивті көрсеткіштер әр түрлі топтағы тұрғындар арасында және динамикада талданатын мәселелердің салыстырмалы маңыздылығы туралы толық көрініс бермейді, сондықтан себеп-салдар байланысын анықтауға жарамайды.
- ❖ Сонымен, эпидемиологиялық зерттеулерде статистикада қолданылатын жалпы қабылданған статистикалық көрсеткіштер қолданылады. Оның негізгілері абсолютті сандар, интенсивті көрсеткіштер және орташа шама болып табылады. Ерекшеліктеріне байланысты экстенсивті көрсеткіштерді, көрнекіліктің салыстырамалы санын, қарым-қатынас көрсеткіштері және стандартталған көрсеткіштер.



- **Эпидемиологиялық зерттеу әдістері** – инфекциялық аурулардың пайда болу себептерін, берілу механизмдерін анықтау және эпидемиологиялық жағдайды бағалауда қолданылатын әдістің жиынтығы.
- **Эпидемиологиялық зерттеудің дизайны** нақты зерттеуді жүргізудің және оның жоспарымен болжанған барлық ерекшеліктерін түсіндіреді. Бұл ерекшеліктерді көптеген терминдермен белгілейді, тек оның қосарлануы зерттеуге тән барлық қасиеттерін көрсетуге мүмкіндік береді.

Эпидемиологиялық зерттеу әдістерінің құрылымы

- *Эпидемиологиялық тексеру мен қадағалау:*
 - a) инфекция ошағын тексеру
 - b) аумақты барлау мен сараптау
 - c) микробиологиялық, серологиялық, иммунологиялық, санитарлық-химиялық әдістер
- *Аналитикалық әдістер*
 - a) оқиға –бақылау түрінде зерттеу
 - b) когортты зерттеу (біркелкі топты зерттеу)
- *Статистикалық әдістер*
- *Эксперименталдық әдістер*
- *Математикалық үлгілеу*

- **Эпидемиологиялық тексеру мен бақылау.** Инфекциялық аурулар ошағын эпидемиологиялық тексеру әдісі ең алғашқы және маңызды болып саналады. Бұл әдіс ошақтың пайда болу жағдайы мен себебін, инфекция қоздырғышының көзін. Берілу факторлары мен жолдарын, сонымен қатар жұқтыру қауіп-қатеріне ұшыраған адамдарды анықтау үшін пайдаланылады.
- **Аналитикалық эпидемиологиялық әдістер.** Аналитикалық эпидемиологиялық зерттеудің мақсаты –эпидемиологиялық тексерумен қадағалау барысында инфекциялық аурулардың пайда болуы мен таралуы туралы диагностикалық болжауды бағалау үшін тексеру жүргізу.
- **Эксперименталдық эпидемиологиялық әдістер.** Инфекциялық аурулар эпидемиологиясында эксперимент эпидемиялық процестің тек кейбір жақтарын зерттеуге қолданылады, өйткені оны толық түрде жасауға болмайды.
- **Математикалық үлгілеу.** Эпидемиологиялық әдістің барлық түрлерін қолданғанда эпидемиялық процестің көрінісін байқауды математикалық үлгілеу әдісімен бірге атқаруға болады.
- **Статистикалық зерттеу әдістері.** Сырқаттанушылықтың негізгі көрсеткіштері және оны есептеу әдістері. Статистикалық зерттеу әдісінің мақсаты – эпидемиологиялық жағдайды атқарылатын індетке қарсы және алдын алу шараларының тиімділігін сан арқылы бағалау.

Эпидемиологиялық зерттеулердің дизайндары

А) Зерттеуге қатысушыларды қабылдау бойынша жіктеме

1) Жағдай-бақылау зерттеулері (жағдай-оқиға, жағдай-сілтеме, ретроспективті)

2) Когортты зерттеулер (аяқталған, проспективті)

3) Эксперименталдық зерттеулер (клиникалық зерттеулер, араласу зерттеулері)

В) Зерттеуге мәліметтерді жинақтау бойынша жіктеме

) Ретроспективті зерттеулер (тарихи, параллель емес, ретроспективті)

2) Проспективті зерттеулер

3) Айқаспалы- секционалдық зерттеулер

- **Зерттеуді ұйымдастыру** — бұл алдына қойылған мақсатқа жетуге әкелетін келісілген, ретке келтірілген, өзара байланысқан әркелкі әрекеттердің жиынтығы. Бірнеше кезеңдерден құралады:

□ *дайындық;*

□ *ақпаратты жинастыру және біріншілік статистикалық өңдеу;*

□ *алынған ақпараттың статистикалық және логикалық талдануы;*

□ *қорытындыларын құрастыру (қорытынды кезең).*

- Дайындық кезеңіне кіреді:
- зерттеу жүргізудің маңыздылығын (қажеттілігін) негіздеу;
- ақырғы (соңғы) және аралық мақсаттарды құрастыру;
- жұмыстық гипотезаны құрастыру;
- зерттеудің объектісін және бірлігін таңдау;
- бағдарламаны құру;
- жоспарды құру;
- пилоттық зерттеуді жүргізу

Сипаттамалық және талдау эпидемиологиялық зерттеу әдістері. Олардың тұрғындар денсаулығын бағалауға тағайындалуы

- **1 Эпидемиологиялық тексеру мен бақылау.**
Инфекциялық аурулар ошағын эпидемиологиялық тексеру әдісі ең алғашқы және маңызды болып саналады. Бұл әдіс ошақтың пайда болу жағдайы мен себебін, инфекция қоздырғышының көзін. Берілу факторлары мен жолдарын, сонымен қатар жұқтыру қауіп- қатеріне ұшыраған адамдарды анықтау үшін пайдаланылады.
- **2 Аналитикалық эпидемиологиялық әдістер:**
Аналитикалық эпидемиологиялық зерттеудің мақсаты- эпидемиологиялық тексерумен қадағалау барысында инфекциялық аурулардың пайда болуы мен таралуы туралы диагностикалық болжауды бағалау үшін тексеру жүргізу.

- **3 Эксперименталдық эпидемиологиялық әдістер.** Инфекциялық аурулар эпидемиологиясында эксперимент эпидемиялық процестің тек кейбір жақтарын зерттеуге қолданылады, өйткені оны толық түрде жасауға болмайды.
- **4 Математикалық үлгілеу.** Эпидемиологиялық әдістің барлық түрлерін қолданғанда эпидемиялық процестің көрінісін байқауды математикалық үлгілеу әдісімен бірге атқаруға болады
- **5.Статистикалық зерттеу әдістері.** Сырқаттанушылықтың негізгі көрсеткіштері және оны есептеу әдістері. Статистикалық зерттеу әдісінің мақсаты- эпидемиологиялық жағдайды атқарылатын індетке қарсы және алдын алу шараларының тиімділігін сан арқылы бағалау.